# АҒАМЫЗ ТАҒЫ БІР МӘРТЕ КҮШІН ТАНЫТТЫ




Жуырда Гонконг қаласында өткен Әлем чемпионатында жерлесіміз Оспанов Дәрібай ағамыз 70 жастан жоғары 83 келі салмақ дәрежесінде “Ардагер М-4 кіші тобында” поуэрлифтингтің екі түрінен, яғни, отырып тұру арқылы көтеру, жатып сығымдап көтеруден сынға түсті.

26 маусым күні классика түрінен жерлесіміз зілтемірді отырып тұру арқылы 130 келі, жатып сығымдаудан 120 келі, ал становая тяга 150 келі көтеріп, жалпы нәтиже бойынша 400 келі ұпай жинап I орынды және 29 маусым күні экипировкалық түрінен жерлесіміз зілтемірді отырып тұру арқылы 150 келі, жатып сығымдаудан 150 келі, ал становая тяга 160 келі көтеріп, жалпы нәтиже бойынша 460 келі ұпай жинап, екінші мәрте I орын иеленіп, ардагерлер арасында абсолюттік жеңімпаз атанды. Ардагер спортшымызды жеңісімен құттықтай отырып, алдағы уақытта да күш-жігеріңіз сарқылмай, алар асуларыңыз биік бола берсін деген тілектеміз!

Шет шұғыласы. - 2023. - 6 шілде (№27). - 3 б.